Бұйрық №90
14.05.2021 ж.

**Конкурс тәсілі бойынша
комиссиясының құрамына өзгерістер
енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылдың 4 желтоқсандағы № 434-V Заңының 21 бабы мен Қазақстан Республикасы Қаржы министірінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:

1. № 5603737-2 «Әлеуметтік-экономикалық даму және кәсіпкерлік қызметті қолдау мәселелері бойынша республикалық арнада ақпараттық-талдау бағдарламаларын әзірлеу және көрсету», № 5610198-2 «Елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды мәселелері туралы республикалық телеарнада ақпараттық жаңалықтар сюжеттерін шығару және орналастыру», № 5573550-3 «Республикалық телеарнада мемлекет қабылдап жатқан әлеуметтік шаралар туралы тақырыптық бейнематериалдар әзірлеу» бойынша мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру жөніндегі конкурстық комиссия төрағасының еңбек демалысына шығуына байланысты конкурстық комиссия құрамы өзгертілсін:

- Бабамуратов Даурен Абуталиповичтің орнына Комиссия төрағасы болып Шегебаев Малик Сералиевич бекітілсін;
- Комиссия мүшесі болып Кулахмедов Русланбек Дарханович бекітілсін.
- Конкурстық комиссияның хатшысы конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алулар арқылы конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізу рәсімін мемлекеттік сатып алулардың веб-порталында (www.goszakup.gov.kz) жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшының м.а. **А. Сәбит**